КОПИЯ/КӨШІРМЕ

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН ШЕШІМ

2023 жылғы 15 қыркүйек № 7119-23-00-2/9854 іс Астана қаласы

Астана қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамында:

Төрағалық етуші судья А.С.Искалиева,

Оңайлатылған іс жүргізу тәртібімен қойылған талап бойынша электрондық азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
Қазақстан Республикасы Президентінің Іс басқармасы Медициналық орталығының ауруханасы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны

ЖАУАПКЕРЛЕР:
«MedExpertPro» жеке кәсіпкері атынан әрекет етуші Аида Эрмековна Усубалиева,
«ASB Stars» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАБЫ:
1.мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану
2.тұрақсыздық айыбын өндіру

ҚАРАР БӨЛІГІ:

АПК-нің 267-4 бабын басшылыққа алып, сот

ШЕШІМ ЕТТІ:

Талап қоюшы Қазақстан Республикасы Президентінің Іс басқармасы Медициналық орталығының ауруханасы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнының жауапкерлер «MedExpertPro» жеке кәсіпкері атынан әрекет етуші Аида Эрмековна Усубалиеваны, «ASB Stars» жауапкершілігі шектеулі серіктестігін мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану, тұрақсыздық айыбын өндіру туралы талап қою арызы қанағаттандырылсын.

Құжатқа қол қойылған: Искалиева А. С., 15.09.2023
Заңды күшіне енген күні: 24.10.2023, судья Искалиева А. С., 24.10.2023
7119-23-3-1/9559

КОПИЯ/КӨШІРМЕ

Жауапкер «MedExpertPro» жеке кәсіпкері атынан әрекет етуші Аида Эрмековна Усубалиева мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп танылсын.

Жауапкер «ASB Stars» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп танылсын.

Жауапкер «MedExpertPro» жеке кәсіпкері атынан әрекет етуші Аида Эрмековна Усубалиевадан талап қоюшы Қазақстан Республикасы Президентінің Іс басқармасы Медициналық орталығының ауруханасы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнының пайдасына 74 800 (жетпіс төрт мың сегіз жүз) теңге тұрақсыздық айыбы және 2 244 (екі мың екі жүз қырық төрт) теңге мемлекеттік баж төленген сот шығыны өндірілсін.

Жауапкер «ASB Stars» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінен талап қоюшы Қазақстан Республикасы Президентінің Іс басқармасы Медициналық орталығының ауруханасы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнының пайдасына 269 947 (екі жүз алпыс тоғыз мың тоғыз жүз қырық жеті) теңге тұрақсыздық айыбы және 8 100 (сегіз мың бір жүз) теңге мемлекеттік баж төленген сот шығыны өндірілсін.

Жауапкер «MedExpertPro» жеке кәсіпкері атынан әрекет етуші Аида Эрмековна Усубалиевадан мемлекет пайдасына 1725 (бір мың жеті жүз жиырма бес) теңге мөлшерінде мемлекеттік баж өндірілсін.

Жауапкер «ASB Stars» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінен мемлекет пайдасына 1725 (бір мың жеті жүз жиырма бес) теңге мөлшерінде мемлекеттік баж өндірілсін.

Егер жауапкер талап қоюдың келіп түскені және оның оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қаралатыны туралы тиісті түрде хабарландырылмаған және пікірді, сондай-ақ шешімнің мазмұнына әсер ете алатын дәлелдемелерді ұсына алмаған жағдайда, ол шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмесін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы.

Шешімге – осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткеннен кейін, ал егер арыз берілсе, осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы сот ұйғарым шығарғаннан кейін бір ай мерзімде Астана қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы Астана қаласы сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына апелляциялық шағым берілуі, прокурормен апелляциялық өтінішхат келтірілуі мүмкін.

Судья **А.С.Искалиева**

Құжатқа қол қойылған: Искалиева А. С., 15.09.2023

Заңды күшіне енген күні: 24.10.2023, судья Искалиева А. С., 24.10.2023